



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Бәрекедді!

Елорда төріндегі жәрмеңке



Елорда төрінде Қызылорда облысы тауарөндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңкеге 50 жүк көлігіне тиелген 60-қа жуық тауарөндірушінің құны 200 млн теңге болатын 500 тоннаға жуық өнімі жеткізілді.

Таң атысымен Сыр топырағында күтіп-бапталған сапалы өнімдерді сатып алуға асыққандар қатарында Астана тұрғыны Гүлжан Өмірзақова да бар. Ол жыл сайын ұйымдастыратын қызылордалықтардың жәрмеңкесінен қалмайтынын айтады. Сөзінше, жәрмеңкедегі өнім сапалы әрі бағасы да қаптаға қонымды көрінеді. Өткен жылғы жәрмеңкеде балық пен басқа да бақша өнімдерін молынан алған бас қала тұрғыны Биыл күріш пен бақша дақылдарын саудалауға келіпті. Бір қызығы, Гүлжан Өмірзақованың өзі де бұрын Қызылорда облысында дүниеге келген.

– «Алғашқы астанадан бүгінгі бас қалаға ауыл шаруашылығы өнімдері жетті» дегенді естіп, осында асықтық. Биыл нешінші жыл екені есімде жоқ, әйтеуір жыл сайын қызылордалықтар ұйымдастыратын жәрмеңкеден қалмаймыз. Мұнда Аралдың балығы, Жалағаштың күріші, Шиелиннің бақша дақылдары, Жаңақорғанның қарбызы, не керек, жаныңа керектің барлығы осы жерден табылады. Жаңа Жалағаштың күрішінен 3 қап алдық, бағасы да арзан. Жалпы Сырдан жеткен күрішті жыл сайын сатып аламыз, тіпті тұрақты тұтынушысымыз десек те болады. Енді жылдағыдай картоп, сәбіз және басқа да бақша дақылдары мен Аралдың балығын аламыз. Әдеттегідей сауда жасамас бұрын алдымен барлығын аралап, бағаларымен танысып шықтым. Мұндағы өнімдер сапалы, арзан болғасын елордалықтар осында асығады. Биыл да баға көтерілмеген, мұнда ауыл шаруашылығы тауарын алуға келген адамның қатары көп болу себебі де сондықтан. Қызылордалықтарға осындай молшылық мерекесіндегі тартуы үшін алғыс білдіремін, – дейді Гүлжан Рүстемқызы.

Айта кетейік, Астанадарғы 2 күнге жалғасқан жәрмеңкеге 200 тоннадан астам күріш, 10 тонна ет, 20 тоннадай балық, 160 тонна бақша өнімдері, 80 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 15 тоннаға жуық сүт және кондитер өнімдері, 5 тонна ас тұзы жеткізілді. Сондай-



ақ жәрмеңке аясында Сыр өлінің өнерпаздары қатысқан мәдени-танымдық концерттік бағдарлама елордалықтарға ерекше көңіл күй сыйлады.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында аймақтың ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Бәсекеге қабілетті өнім өндіру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бір жолға қойылған. Биылдың өзінде 7 айда ауыл шаруашылығында 46,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 2,6 пайызға артты.

Айта кетейік, биыл облыс бойынша 189,6 мың гектарға егін егілді. Тарқатып айтсақ, дәнді дақылдар 92,9 мың гектар, майлы дақылдар 5,7 мың гектар, мал азықтық дақылдар 73,3 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 17,4 мың гектарды құрайды. Үкімет бекіткен Жол картасына сәйкес 80,9 мың гектар жерге күріш егілген. Шаруашылықтардың егін жинау науқанын бастағанына 2 апта болды.

Шаруашылықтар егін жинауға қажетті ауыл шаруашылығы техникаларымен, жанармаймен, минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілген. Бүгінде егін жинау науқаны қарқынды жүруде. Ерте егілген дәнді дақылдар толық жиналып бітті. Қазіргі таңда мал азықтық, майлы дақылдармен қатар көкөніс, бақша және күріш жиналуда.

Аймақта мал шаруашылығын дамытуға жасалған қолдаудың нәтижесінде төрт түлік басы өсіп, өнім өндіру ұлғайды. Облыс бойынша 2025 жылы тамызға дейін 425,4 мың бас ірі қара, 830,3 мың бас уақ мал, 270,7 мың бас жылқы, 66 мың бас түйе және 126,8 мың бас құс тіркелген. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ірі қара 0,5 пайызға, жылқы 9,7 пайызға, түйе 1,2 пайызға, құс 1,2 пайызға артқан.

Өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты қарқынды дамып келеді. Биыл облыстан құны 18,8 млн долларды құрайтын 37,7 мың тонна өнім өлемнің 19 мемлекетіне экспортталды. Барлық экспортталған өнімнің 89,4 пайызын құрайтын күріш өнімі Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, Әзербайжан, Өзбекстан, Грузия, Моңғолия және Ирак мемлекеттеріне жіберілді.

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аймақта инвестжобалардың жол картасы әзірленіп, жалпы құны 57,1 млрд теңгені құрайтын 30 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл жобалар өңір экономикасын одан әрі өркендетуге бағытталған.

К.БАЛҒАБАЙҰЛЫ

Еңбек адамы

Ержан Жүсіпов Отан алдындағы борышын өтеп келген бойда ауыл шаруашылығы саласында еңбек жолын бастап кетті. Токсаныншы жылдардың соңында бұл салаға жастар келуге жүрексінетін. Жүрексінгенде қалай, бұл әлі еліміздің ауыл шаруашылығы заманауи технологиялармен жарақталмаған шақ еді. Оның үстіне қолда бар көне техникалар бірін іске қоссаң, екіншісі құлап жатады. Сондықтан ол тұстағы жастардың бұл пайымына да түсіністікпен қарауға болады. Бірақ Ержан Жүсіпов кейін салада серпін қалыптасатынына сенді, сенген соң қиын шақта еңбек жолын осы салада бастады.

Күрішші Ержан



– Әскерден оралған бойда ауылға келіп, күріш ектім. Айналамның бәрі егді жастағы кісілер болды. Шыны керек, жастар жағы аз болды. Бірақ солардан көрген-білгенімді үйреніп, тәжірибе жинадым. Талай қиын шақтарды өтсердік, ол кезде қазіргідей жарақты техникалардың бірі де жоқ. Бірақ сонда да мол өнім алуға жұмыс жасадық, сол жылы күріш ектім де, мен де бұл саладан кетуге бел будым. Содан бері биыл бірінші рет күріш егіп отырмын, – дейді ол.

Ауыл шаруашылығының ертеңіне сенген еңбек адамы бүгінде аудандағы маңдайалды шаруашылық құрылымдарының бірі «Ауыл» фермер қожалығында диқан болып жұмыс жасайды. Тәжірибелі сушы биыл ерте кестемде 34 гектар алқапқа Сыр салысын сепкен. Өнімнің шығымы жаман емес, биылғы аяқсу тапшылығына қарамастан дала дарабозы жаздай тынбай еңбек еткен.

Даңғайыр диқандардың ізбасары күріштің «Маршал» сұрпы Сыр салысының басқа да тұқымына қарағанда сапалы екенін айтады. Мәселен, «Маршал» ыстыққа да, салқынға да төзімді көрінеді. Оның үстіне 2-3 күн су болмай қалса, бұл өнім сапасына айтарлықтай кері әсерін тигізе қоймайды екен, яғни күріштің бұл сұрпы құрғақшылыққа да төзімді көрінеді. Сондай-ақ 2-3 күн шалшық сумен қоректенетін де қасиетке ие. Ал бұған дейінгі қолданыстағы «Лидер» сұрпы мұндай жағдайларда жылдам ауруға шалдығады екен. Мұнан кейін масақ басындағы дән қызарып, дереу өнім сапасы төмендейтін көрінеді.

– Шаруашылық күріштің жаңа сұрыптарын енгізіп жатыр. Мәселен, мұнда «Маршалдан» бөлек «Каурис» деген күріштің тағы бір жаңа сұрпы бар. Қазір су тапшылығы қат болған шақта мұндай өзгерістер дұрыс деп есептеймін. Мәселен, «Маршал» 2-3 күн су болмаса

да құрғақшылыққа төтеп береді. Оның үстіне шалшық сумен де қоректенеді. Негізгі күріштің болған жағдайда суын ауыстырып тұрған дұрыс, бірақ оны қазіргі су тапшылығы қиын жағдайда жасау мүмкін емес. Біз дән сепкеннен кейін бір жетіде суын ауыстырдық, содан кейін атызды суға толтырып сонымен ұстап тұрдық. Бірақ өнімнің шығымы жаман емес, – дейді Ержан Жүсіпов.

Биыл Мөрәлі Шәменов ауылындағы «Ауыл» фермер қожалығы 680 гектар алқапқа күріш еккен. Ақерістің уақытында 110 гектар бидайды жинап алды. Мұнан бөлек 230 гектар ескі жоңышқаны күтімге алып, 100 гектар жаңа жоңышқа егіпті. Бүгінде шаруашылықта 80-ге жуық ауыл тұрғыны жұмыс жасайды. Былтыр да дәл осы межеде күріш егіп, гектарынан 60 центнер өнім жиды.

Өткен аптаның аяғында шаруашылық күрішке орақ салған болатын. Қомбайн бірінші кейіпкеріміз Ержан Жүсіповтың

егіс алқабына түсті. Тәжірибелі диқан да биыл үлкен өнімнен үмітті. Олай ойлайтындай жөні бар, өйткені алқаптағы өнімнің шығымы оның ала жаздай табанды еңбек еткенін аңғартады.

Ол әскерден келген жылы күріш екті, содан бері ауыл шаруашылығына көше қайта оралды. Арада қанша уақыт өтсе де аға буыннан жиған тәжірибесі оны аз алда жүретін азамат екені жасаған ісінен анық байқалады.

Елдің бәрі алғашқы орақ рәсімі аяқталысымен дастарқаннан дәм татуға кетті. Ал диқан Ержан Жүсіпов қомбайн орақ салған ашық жерге отырып, басы дәнге толған күріштің сабағын ұстап, жаз бойы баптаған өнімнің шығымына марқайып отыр.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Спорт жаңалықтары

Ливерпульде World boxing алғаш рет ұйымдастырған әлем чемпионаты өз мәресіне жетті. 4-14 қыркүйек аралығында өткен жаһан додасын қазақстандық былғары қолғап шеберлері жалпыкомандалық есепте 1-орынмен түйіндеді.

Қазақстан құрамасы көш бастады



Ел құрамасы бұл әлем біріншілігінде 10 медаль еншіледі. Оның жетеуі – алтын, біреуі – күміс, екеуі – қола жүлде.

Үздіктер бақ сынаған жарыста Алуа Балқыбекова 51 келіге дейінгі салмақта қарсылас шақ келтірмеді. Сондай-ақ Санжар Төшкенбай да 50 келіге дейінгі салмақта дараланды. Мұнан бөлек 55 келіге дейінгі салмақта Махмұд Сабырхан ел қоржынына алтын салды. Ал 65 келіге дейінгі салмақта Аида Әбікеева қоржындағы алтынды санын еселеді.

Былғары қолғап шеберлері арасындағы әлемдік жарыста Наталья Богданова 70 келіге дейінгі салмақта дараланды. Сондай-ақ Төрехан Сабырхан да 70 келіге дейінгі сайыста көш бастады. Ал Айбек Оралбай 90 келіден жоғары салмақта сыңға түсіп, атыққ сайыста та сүрінбеді.

48 келіде өлемнің 3 дүркін чемпионы Назым Қызыбай күміс жүлдеге қол жеткізді. Виктория Графеева 60 келіге дейінгі салмақта қоржына қола салса, 80 келіден жоғары салмақта Елдана Тәліпова да үздік үштікті түйіндеді.

Жалпыкомандалық есепте екінші орын алты алтын, екі күміс, үш қоламен Өзбекстан еншісіне жазылды. Екі алтын, бір күміс және бір қола жүлдемен Үндістан үздік үштікті түйіндеді.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы бокстан Әлем чемпионатында топ жарған боксшыларды құттықтады. «Ливерпульде өткен бокстан Әлем чемпионатында ұлттық құраманың жеңіс жолын Алуа Балқыбекова, Аида Әбікеева, Төрехан Сабырхан, Наталья Богданова, Айбек Оралбай жалғастырды. Қазақ боксшылары әлем біріншілігінде көрмет нәтиже көрсетті. Әйтсе де алдымызда АҚШ-та өтетін Олимпиада ойындары күтіп тұр. Соған қазірден бастап дайындалу қажет. Қазақ бокс мектебінің мерейі әрдайым үстем болсын» деп жазды Президент Instagram парақшасында.

АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында өткен кәсіпқой бокс көшінде екінші орта салмақта күш сынасып жүрген Бек Нұрмағанбет кезекті жекпе-жегі өткізді. Кезінде әуесқойлар арасында Азия чемпионы атанған Бек 2020 жылдан бері кәсіпқой рингте өнер көрсетеді.

Бектің жарқын жеңісі



Бес жыл ішінде 14 жекпе-жек өткізген ол барлығында жеңіске жетіп, 12 бәсекені мерзімінен бұрын аяқтады. Соңғы рет биыл сәуір айында Филаделфия штатында өткен жарыста Коста-Риканың өкілі Энкарнасьон Диасты бірінші раундта ұрып жықты. Бұл күндері отандасымыз Мексиканың атақты боксшысы Сауль «Канело» Альвареспен бір залда жаттығады.

Бұл жолы Бек Нұрмағанбет Стивен Самптермен сайысқа түсті. АҚШ боксшысы кәсіпқой рингте 13 кездесу өткізіп, 11 рет басымдық танытты. 9 қарсыласын нокаутқа жіберді. Бір рет ұтылып, тағы бір тартыста тең есеп тіркелді.

Биыл мамыр айында Самптер колумбиялық Ханер Гонсалесті бесінші раундта техникалық нокаутпен жеңіп, «WBC USA Silver» нұсқасы бойынша чемпиондық белбеуді иеленген еді. Десе де қандасымыз бұл кеште қарсыласына дес бермеді. Екінші раундта Бек оны ауыр ноқдауға жіберді. Үшінші раундтан кейін Самптер жекпе-жекте жалғастырудан бас тартты.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Құрмет

Өнегелі отбасы – мемлекет тірегі

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА ОТБАСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА ӨТТІ. МЕРЕКЕЛІК КЕЗДЕСУДІ АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ҒАНИ СҮЛЕЙМЕНОВ ЖҮРГІЗДІ. «МЫҚТЫ ОТБАСЫ – МЫҚТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ» АТТЫ БҰЛ БАСҚОСУ ҚОҒАМДАҒЫ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫН ДӘРІПТЕУ, АТА-АНА МӘРТЕБЕСІН БИІКТЕТУ ЖӘНЕ ЖАС ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕЛІ ТӘЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Салтанатты жиынға ауданымыздың зиялы қауым өкілдері, «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауының жеңімпаздары, сондай-ақ «Алтын той», «Күміс той» иелері мен көпбалалы аналар қатысты.

– Біздің халқымыз үшін де отбасы құндылықтары – қасиетті ұғым, қастерлі құндылық. Адам баласына берілетін тәрбиенің ең негізі отбасында қалыптасады. Ұлттық тәрбиенің, адамгершілік пен имандылықтың, ізеттілік пен ибаның бастау булағы да – отбасы. Тірлігі тын-дырымды, береке-бірлігі көпке үлгі жалағаштықтар қай кезде де отбасы тәрбиесіне, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ерекше мән беріп келеді. Ауданымызда өмірге ұрпақ әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіруде үлгі-өнеге болып жүрген алтынқұрсақты батыр аналарымыз – отбасының ұмытқысы, алтын дінгеі. Аналарымыздың алды он сөгіз құрсақ көтеріп, балаларын Отанды сүюге, ел үшін еңбек етуге, отбасын құрметтеуге тәрбиелеуде, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Әрбір отбасы – елдің іргетасы, береке мен бірліктің бастауы екенін атап өткен Ғани Сүлейменов отбасының қоғамдағы орны мен құндылығы жайлы айтып, мерейлі отбасыларға аудан әкімінің алғыс хатын табыстап, сый-құрмет көрсетті. Бұл марапат – отбасы құндылығын дәріптеп, қас буюнға өнеге болсын деген ізгі ниеттің белгісі.

Мықты отбасы – мықты мемлекеттің кепілі десек, «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы бүгінде ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, ұлтымыздың ұлы қасиеттерін әйгілейтін жоғары деңгейдегі байқауға айналды. Биыл маусым айында аудандық «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына ұсынылған 31 отбасының барлық құжаты қаралып, комиссия мүшелерінің талқылау қорытындысы бойынша 2 отбасының құжаты облыстық кезеңге ұсынылды. Былтыр дәл осы байқаудың облыстық кезеңінің қорытындысы бойынша Мақпалкөл ауылдық округінен Бектаевтар отбасы бас жүлде иеленіп, байқаудың республикалық кезеңінен де үздік деп танылып, лауреат атанған болатын. Кешегі өткен шарада төбе көрсеткен Бектаевтар отбасының анасы Сәнімкүл Әшірбекова тұрғындарды отбасы күнімен құттықтап, шараның маңызына тоқталды.

Отбасы – сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы. Отбасының басты қазығы, алтын дінгеі – бала. Баланың тәрбиелі, жан-жақты болып өсуіне береке, өнегелі отбасының ықпалы зор. Отбасы тату болуы үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер ер адамның бойында болуы керек. Осындай игі шара арқылы әр отбасының ынтымағын арттыруға үлес қосқан ұйымдастырушыларға алғыс айтамын, – деді еңбек ардагері Сәнімкүл Әшірбекова.

Айта кетейік, еңбек ардагерлері Төлеміс Бектаев ақсақал мен Сәнімкүл Әшірбекова әжеміздің шаңырағынан 11 перзент, 43 немере, өрбіген. Ауыл шаруашылығы саласындағы ұзақ жылғы ерен еңбегі үшін Жалағаш ауданының құрметті азаматы атанған Төлеміс ақсақал «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен марапатталған. Батыр ана Сәнімкүл Әшірбекова қажырлы еңбегі үшін «Халықтар достығы» орденін иеленген.

Отағасы Төлеміс Бектаев – тыл ардагері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы. Еңбек жолын 1956 жылы Мақпалкөл ауылында егінші болып бастаған ол аудан орталығындағы қазіргі индустриалды-аграрлық колледжде механизатор мамандығы бойынша білім алған. 1990 жылға дейін ауданның ауыл шаруашылығы саласында механизатор болып жемісті еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Төлеміс Бектаевтың еселі еңбегі елеліп, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, 1991 жылы Қазақ ССР-ның Жоғары кеңесінің Жарлығымен «Еңбек ардагері» мерекелік медалімен, 2007 жылы «Қызылорда облысына – 70 жыл» және «Ұлы Жеңістің – 60, 65, 70 жылдық медальдарымен марапатталған.

Ақжарлықты ана Сәнімкүл Әшірбекова – еңбек ардагері, «Алтын алқа» иегері. 1955 жылы орта мектепті бітірген ол ауыл шаруашылығы саласында күршіші болып еңбек етті. 1987 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін үздіксіз жұмыс жасады. 7 қыз, 4 ұл тәрбиелеп өсірген ана 1974 жылы «Батыр ана» атағын алған. Оның егін шаруашылығындағы еселі еңбегі бағаланып, 1980 жылы «Халықтар достығы» орденімен марапатталған.

Төлеміс Бектаев пен Сәнімкүл Әшірбековадан тараған балалардың алды зейнеткерлікке шығып, 5 баладан 16 немере, 1 шөбере сүйіп отырса, кенжесі – 4 бала тәрбиелеп отырған ардақты өке. Барлығы жоғары білімді, түрлі салада қызмет етіп, ел экономикасының дамуына еңбек етуде.

Мерекелік шараға «Мерейлі отбасы – 2023» ұлттық конкурсының аудандық кезеңінде III орын иеленген Алдабергеновтер отбасы да қатысты. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қағидаларын ұстана отырып, өнегелі құндылықтарын, елжандылық қасиеттерді балаларының бойына дарытып келе жатқан үлгілі отбасы – бүгінде 5 баладан 18 немере өрбіткен өнегелі әулет. Қоғам ісіне

бөлсене араласып, саликалы ұрпақ тәрбиелеп отырған, өмір жолын өнегемен өрген Алдабергеновтер әулеті – көпке үлгі.

Ұрпақтарын еңбекке баулып, төзім мен бірлікке үндеген мерейлі отбасының ақсақалы Марат Алдабергенов саналы ғұмырында елге елеулі қызмет етіп келеді. Ол еңбек жолын механизатордан бастап, бригада есепшісі, өндіріс бригадирі, прораб, агроном, гидротехник, совхоз директордың орынбасары қызметтерін мінсіз атқарған. Қазіргі таңда аудандық әкелер кеңесінің төрағасы. Ал бұл отбасының асыл анасы Зибаш Күлетова зейнет жасына дейін ауылдағы балабақшада тәрбиеші қызметін абыроймен атқарған. Одан бөлек Ақсу совхозында қарапайым жұмысшы болған. Ол 1995 жылдан бастап кәсіпкерлікке бет бұрған. Бүгінде зейнетке шықса да ұлттық музыканы дәріптеп, ескі әндерді келер ұрпаққа жеткізіп, мәні мен мағынасы терең әндердің ұмытылып қалмай, сахнада шырқалуына өз септігін тигізіп жүр. Ақсулық «Асыл жекелер» ансамблінің белді мүшесі. Ата-анасының жас күнінен өткен еңбек жолын жалғасаң балалары да бүгінде белді кәсіпкерлер. Олар аудандағы кәсіпкерлік саласының өркендеуіне өзіндік үлесін қосып, кәсіптерінің көкжиегін кеңейтуде. Үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету – қазақ тәрбиесінің алтын дінгеі екенін естен шығармаған Алдабергеновтер отбасы үнемі немерелеріне ақыл айтып, бағдаршам іспетті дұрыс бағыт-бағдар беріп отырады. Отбасы құндылығын ұлықтап, өмір жолын өнегемен өрген отбасы қашанда жастарға үлгі-өнеге бала бермек.

Айта кетейік, қазір ауданда 1 516 көпбалалы отбасы бар. Оның ішінде «Алтын алқа» иегерлері – 333, «Күміс алқа» – 572, Батыр ана – 29 және «Ана даңқы» орденімен марапатталған аналарымыздың саны – 33.

Отбасы күні – ел болашағын айшықтайтын, ұрпаққа бағыт-бағдар беретін, әр шаңыраққа шаттық сыйлайтын мереке. Бұл жын береке, отбасының қоғамдағы орнын айшықтап, ұлттық дәстүр мен құндылықты ұлықтаған жарқын іс-шара болды. Шара соңы аудан өнерпаздарының мерекелік ән-шашуымен қорытындыланды.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТ – ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІҢ ТІРЕГІ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ӨМІРДІҢ БАРЛЫҚ САЛАСЫН ҚАМТЫП, ӘЛЕМДІК ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ОТЫР. КӨПТЕГЕН МЕМЛЕКЕТ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМНІҢ ТЫҢ КӨЗІН КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫ БАСТЫ БАСЫМДЫҚ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРА БАСТАДЫ. МҰНДАЙ ЖАҒДАЙДА ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ҰЛТТЫҚ ЦИФРЛЫҚ КОНТЕНТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМУЫ ТЕК АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРБЕСТІКТІҢ КЕПІЛІ ҒАНА ЕМЕС. БҰЛ – ЕЛІМІЗДІҢ ҒАЛАМДЫҚ ЦИФРЛЫҚ АЛПАУЫТТАРҒА ТӘУЕЛДІЛІГІН АЗАЙТЫП, ӨЗ АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІГІМІЗДІ БЕКЕМДЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМА.

Ұлттық цифрлық жүйе: қауіпсіз қоғам мен білімді ұрпақ кепілі



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 8 қыркүйектегі «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек» деген сөзі – осы бағыттағы басты ұстанымның айқын көрінісі.

Ұлттық цифрландыру ісіне серпін берген жобалар. Ғаламдық технологиялық прогрестен қалыс қалмау – еліміздің алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Осы бағытта ұлттық телекоммуникация операторы «Қазақтелеком» қолға алған жобалар ерекше назарға ие.

Компания тек отандық цифрлық платформаларды дамытып қана қоймай, білім беру жүйесін цифрландыруға да айтарлықтай үлес қосып келеді. Соның жарқын мысалы, TV+ платформасы арқылы республика оқушыларына қолжетімді болып отырған mektep-online.kz жобасы.

Қазақстандағы 8 мыңға жуық мектеп пен 4 миллиондай оқушы үшін сапалы білімге қолжетімділікті арттыру – уақыт талабы. TV+ платформасында «Back to school» акциясымен ұсынылған бейнесабақтар кез келген өңірдегі оқушыларға тең мүмкіндік береді. Жоба жетекшісі Сандуғаш Рахимжанова атап өткендей, бұл бастама білім алуға мүмкіндігі шектеулі балаларға да толыққанды қолдау көрсетеді.

Платформада математика, физика, химия, биология, геометрия пәндері бойынша 5536 бейнесабақ, әдістемелік нұсқаулықтар мен тест тапсырмалары бар. Мүғалім үшін – уақыт үнемдеудің, ата-ана үшін – баласының білімін бақылаудың қосымша тетігі. Ең бастысы, ол үшін қосымша бағдарламаларды орнатудың немесе жоғары жылдамдықты интернеттің қажеті жоқ.

Бұл – репетитордан да тиімді шешім. «Біздің міндетіміз – әрбір балаға, қай өңірде тұрса да ыңғайлы форматта білім алу мүмкіндігін беру. Бұл – әсіресе репетитор жалдауға шамасы келмейтін отбасылар үшін үлкен көмек» дейді «Қазақтелеком» өкілдері.

Ұлттық IT-шешімдерді өркендету және қазақстандық контентті қолдау – мемлекеттік деңгейдегі маңызды міндет. Бұл бағыттағы ірі жобалардың бірі – TV+ платформасы. Ол жүздеген телеарна, соның ішінде спорттық, тақырыптық және білім беру арналары мен VoD контентін біріктіріп отыр.

Компания өкілдерінің айтуынша, TV+ жобасы Мемлекет басшысы атап өткен цифрландыру және технологиялық даму стратегиясы аясында жүзеге асуда. Жобаның басты мақсаты – халыққа отандық телеарналарға, мәдени және білім беру бағдарламаларына жоғары сапада қол жеткізуді қамтамасыз ету, сонымен бірге жаңа жұмыс орындарын ашу.

TV+ артықшылықтарының қатарында барлық құрылғыларға бейімделген интерфейс, қазақ және орыс тілдеріндегі көптілді контент, интерактивті мүмкіндіктер мен ата-ана бақылауы бар. Бұл платформа бүгінгі таңда елдің ақпараттық кеңістігіндегі стратегиялық құралға айналды.

Цифрлық өгемендік – стратегиялық басымдық. Қазақстан үшін цифрлық өгемендік пен ұлттық контентті дамыту – тек технологиялық трендке ілесу емес, ұлттық қауіпсіздік пен адами капиталды нығайтудың негізгі алғышарты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында бұл мәселенің маңыздылығын ерекше атап өтті. «Жасанды интеллекті жаппай енгізу және жаппай цифрландыру еліміздің барлық саладағы әлеуетін еселеп арттырады. Біздің стратегиялық бағдарларымыздың ең басты қыры осы болуға тиіс» деді Президент.

Осы орайда TV+ және mektep-online.kz сынды жобалар Мемлекет басшысы ұсынған цифрлық даму стратегиясының нақты жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Бұл бастамалар – жаңа дәуірдің талаптарына сай қалыптасып келе жатқан Жаңа Қазақстанның цифрлық келбетінің жарқын көрінісі.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Отан отбасынан басталады

Отбасы күніне орай аудандық «Руханият» орталығының неке қию залында мерекелік шара өтті. Басқосуда «Алтын той» және «Күміс той» иегерлеріне арнайы неке куәліктері табысталды. Бұл игі рәсім – ұрпаққа өнегелі тәлім, отбасы институтының мәртебесін биіктететін тағылымды дәстүрдің көрінісі болды.

Куәлік табыстау рәсіміне дейін мерейлі отбасылар ауданымызда жаңадан бой көтерген «Руханият» орталығын аралап, рухани-мәдени кеңістіктің тыныс-тіршілігімен танысты. Салтанатты шараға аудандық аналар кеңесі, әйелдер кеңесі, Қазақстан халқы Ассамблеясының белсенді мүшелері қатысты.

Отбасы – мемлекеттің іргетасы, адам баласының өсіп-өніп қанат жаып түлеу ұшатын алтын ұясы. Адамзат өміріндегі мейірімділік пен адалдық, адамгершілік пен тектілік секілді асыл қасиеттерді отбасындағы тәрбиеден жинайтыны даусыз. Бүгінде ауданда өнегесімен көпке үлгі болып, өсіп-өніп, саялы бәйтерекке айналған отбасылар көп. Олардың осындай күнге жетуіне қазыналы қарттардың қажыр-қайраты, лайым-парасатының үлесі зор. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, бүгінгі жас ұрпақ та отбасы деген қасиетті мекеннің қадірін қашырмауға тырысып келеді. Ұлттың ұлт болып қалыптасып, қоғамның ырғақты дамуы, мемлекеттің өркендеуі ең алдымен отбасы тәрбиесіне байланысты.

«Алтын той» иелері – жарты ғасыр бойы тату-тәтті ғұмыр кешкен ардақты ата-аналар, «Күміс той» иелері – ширек ғасыр бойы бірге өмір сүріп, елге үлгілі



шаңырақ иелері. Шараға 3 «Алтын той», 2 «Күміс той» иелері қатысты.

Солардың бірі – кент тұрғыны Бақытбек Каипов пен Ұрзада Ысқақова. Олар – 3 бала тәрбиелеп, 11 немере сүйіп отырған өнегелі әулет. Отағасы Бақытбек ағай зейнет жасына дейін көлік жүргізушісі болып тынымсыз еңбек етсе, отанасы – денсаулық сақтау саласының ардагері.

Сондай-ақ шараға отбасы құндылығын сақтап, тамырын тереңге жайған іргелі әулет. Ақжар ауылының тұрғындары Маханбетжановтар да қатысты. Жетіру Маханбетжанов – ауыл шаруашылығы саласының ардагері. Ал Ақзада Баймұратова – ауыл әкімі аппаратында техникалық қызметкер болып зейнетке шыққан. Отасқандарына жарты ғасыр

болған Жетіру ағай мен Маржан апай бүгінде 4 бала тәрбиелеп, олардан 12 немере, 1 шөбере сүйіп, қызығын көріп отыр.

Атаңмен отасқалы 50 жыл болса да, әлі күнге бір-біріміздің көңілімізге қарап, сыйластықпен тату-тәтті ғұмыр кешудеміз, 4 баланы өмірге әкеліп, олардың қызығын теңдей көріп келеміз. Немере сүйіп, шөберенің қолынан май жаладым. Бақыт – байлықта да, билікте де емес. Нағыз бақыт – біз үшін балаларымыздың амандығы. Олар ер жетіп, өз шаңырағының түтінін түтетіп жүрсе де ата-ана үшін бала болып қала береді. «Бала ескенше, немере өлгенше» демекші, балаларымызбен қатар немере-шөберелерімізге де алаңдап, Алладан амандығын тілеп отырамыз, – дейді «Ал-

тын той» иелері.

Ал Қарақатек ауылынан келген Бимұрзаевтар әулетінің отағасы Бұхарбай Бимұраев – ауыл шаруашылығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқан ардагер, отанасы Дәметкен Көшербаева – білім саласының ардагері. Отбасында 4 бала тәрбиелеп, 9 немере сүйіп отырған өнегелі әулет.

Бірлігі мен берекесі жарасып, отау құрғанына 25 жыл толған «Күміс той» иелері Заур Әлмұраев пен Роя Усаева бүгінде мал шаруашылығын дамытып, жеке кәсіппен айналып келеді. Отбасында 3 бала тәрбиелеп отырған олардың отбасындағы жылулығы мен кәсіпке деген ынтыасы – көпке үлгі.

Ал Бұқарбай батыр ауылының тұрғындары Сәрсенбаевтар отбасының отағасы Мирамбек ауылдағы «Байтабын» шаруашылығында механизатор болып жұмыс жасайды. Ауыл шаруашылығының егін саласында аянбай еңбек етіп, өңіріміздің экономикалық жағдайына өз ықпалын тигізуде. Жұбайы Перизат Жұмабайқызы 2004 жылдан бастап ауыл емханасында жалпы тәжірибелі медбике болып халыққа қалтқисыз қызмет етіп келеді. Олар отбасында 5 бала тәрбиелеп, ұлын уяға, қызын қияға қондырған.

Оларға табыс етілген неке куәлігі отбасы құндылығын дәріптеп, қоғамдағы мәртебесін арттырудың ерекше белгісі іспетті. Кездесу соңында отбасы құндылықтарын ұлықтайтын жүрекжарды тілектер айтылып, қатысушылар естелік суретке түсті.

Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қағидаларын ұстана отырып, өнегелі құндылықтарды, елжандылық қасиеттерді балаларының бойына дарытып келе жатқан шаңырақ иелеріне арналған салтанатты жиын – отбасы құндылығын насихаттап, қоғамдағы бірлік пен береке-кеңі бастауы мықты шаңырақ екенін айшықтай түсті.

Сезім НҰР

Тарих

Қанды жорыққа ұласқан шанды жорық

Түбіне үңілсең, тұңғыығына тартып ала жөнелетін тарихи деректер әрбірімізді елең еткізбей қоймайды. Сондықтан қолға түскен тың дүниені оқырманмен бөлісуге асығамыз. Ата-бабаның өткен жолы, дүбірлі оқиғалар бізге өткеннен мирас болып қалған аманат екенін де ескеруіміз қажет. Төмендегі жазба сізді де бейжай қалдырмасы анық. Сол себепті қадірлі оқырманға ой сапар деген ниетпен ұсынуды жөн деп таптың.



тан қамыс төсеп кіріп, қырымдықтардың ауылдарын ойрандады. 1676 жылы Киевке түбінде түрік жаңашерлері қоршап алып күйрете бастаған Запорожье казактарына көмекке келіп, түріктерді жапырып тастайды. 1684 жылы Аюке қонтайшы қазақ жеріне шапқыншылық ұйымдастырды. 1696 жылы дербет ноионы Мөңке-Темір орыс әскері Азовты алғанда қырымдықтардың атты әскерін талқан қылды. Бұған риза болған Петр бірінші патша Донның төменгі бойында тайшаны салтанаты түр-де қабылдап, құрмет көрсетіп, алғысын білдіреді. Одан әрі қалмақтар ақ патшамен бірге Полтава даласында шведтерге дала-лық атты әскердің күшін көрсетті.

Сөйтіп отырып Аюке қонтайшы кезінде әбден күшіне мінген қалмақ хандығы патшаға қыр көрсетуге дейін барады. 1680 жылы қалмақтар Пензаны шапты, 1687-89 жылдары Қырым ханы Сәлімгереймен одақ құрып, князь Голицынный қырым жорықтарына қатысудан бас тарттады. Дегенмен 1771 жылға дейін қалмақтардың атты әскері Ресей империясының үздіксіз жүргізілген, әсіресе түрік сұлта-нымен болған барлық жорықтарына бел-сене қатысты. Қорыта келгенде Ресей империясының қарауындағы бірде-бір көшпенді халық орыс мемлекетіне осынша қызмет етпеген еді. Сондықтан қалмақ үді-ре көшкенде патша үкіметі үндемей ғана әліптің артын бақты.

Ноғай ордасы, Қырым хандығы жойы-лып, қазақтар империяға бірте-бірте бодандыққа кіре бастағанда далалықтардан келетін қауіп саябырси бастады. Отаршылдар енді қалмақтардың бұрын-ғы еркіндіктерін шектеп, бұғауды қысқартады. Әскери міндеттің үстіне салық талап етілді. Империя жүргізген үздіксіз соғыстардан қажыған қатардағы сарбаздармен қатар торғауыт, хошауыт тайша-ларының арасында наразылық пайда болады. Ежелгі Отанымызға, қытай қы-рығынан кейін қаңырап бос қалған жоңғар даласына көшсек деген пікір белең алады. Бұл пікірді Жонгариядан қашып келген Цебек Доржи бастаған лама дінбасшылар қызу қолдап, насихатты ершіте түседі. Оның үстіне 1767-68 жылдары қалмақ даласында ашаршылық басталды. 1770 жылдың күзінде Еділ жағасында орыс-тұрқ соғысынан оралған жас қонтайшы Убашидің басшылығымен құрылтайда жоңғар даласына көшуге шешім қабыл-данды. Осы құрылтайда Лама дінбасыла-рының астрологиялық жоспарымен 1771 жылдың қаңтары көшуге сәтті уақыт деп белгіленді.

1771 жылдың 5 қаңтарында Еділдің сол жағалауын жайлап отырған торғауыт, хошауыт тайпалары Убаши қонтайшы үдіре көшуді бастады. Тарихи мәліметтерде 30 мыңнан асша шаңырақ немесе 170 мыңнан аса қалмақ қозғалды деп жазым қалмақ оқиғашылығы жасаған әскери қызметін әскері, бірдеңе күш көрсетуге бармай, тайшаларды үгітпен тоқтатуға өрекеттенеді. Үгітке көнген қалмақ ұлысының үштен бірі, Еділдің сол жаға-лауын мекендеген деңі дербет тайпасынан тұратын бөлігі Ресей патшалығында қа-луға шешім қабылдайды. Қазіргі Ресейде тұратын қалмақтар осылардың ұрпақтары.

18 қаңтарда қарулы көш Жайықтан өтеді. Тоқтаудыа әрекет қылған Жайық казактарының 4 бекінісін, 6 форпосты, барлығы өзек болыап 70 шақырымға созылған «Жайық сызығы» аталатын әскери мекен-жайларды қиратып, тайпалп өтеді. Жайшылықта маңайындағы көшпенді жұртқа қасқырша тиятін қатыгез жайық казактарының қалмаққа қандайда бір қарсылық көрсетуге де шамасы келмей қалады.

27 қаңтарда ЕкатеринаII жайық казактарына, Орынбор генерал-губернаторына, Орта және Кіші жүз хандары Нұралы мен Абылайға қалмақ көшін қалғп болса да тоқтатындар деген арнаулы жарлық жібереді. 18 ақпан күні қалмақ көші Ембінің жағасына тоқырап, бір айдай демалып, бас-аяғын жинақтайды.

15 наурызда қалмақ көшіне бірінші болып Жаманқара батыр бастаған қазақ сарбаздары шабуыл жасайды. Бірақ мұздай қаруланған қалмақ әскері шабуылды тойтарып тастайды. Іле-шала Нұралы бастаған Кіші жүз қолы қалмақ әскерін шау-былдайды. Бірақ бұл шабуыл да айтар-лықтай нәтиже бермейді.

12 сәуір күні Ор бекінісінен генерал Траубенберг басқарған 7 мың әскери корпусы шығады. Корпусқа басқа орыс бе-кіністерінен едәуір әскери бөлімдер қо-сылған. Десе де мұздай қаруланған, зеңбіректері де бар, тұрақты Ресей әске-рінің құрамында империяның үздіксіз со-ғыстарында шыныққан қалмақ сарбаз-дарының әскери мүмкіншіліктерін жіті білетін орыс генералы бір айдай көш арты-нан жүріп отырды. Сосын азық-түлік тау-сылды, аттар болдырды деген желеуді алға тартып, сылтауратып Уйск бекінісіне қайтып көтеді. Генералдың қалмақпен со-ғысуға баатылы бармайды.

Ақыры, шілде айының аяғында ар-тынан орасан көш шұбыртқан қалмақ әскері ол заманда Балқаш көліне мол ар-намен құйылатын Мойынты өзенінің бас-

тауына келіп тіреледі. Ол жерде оларды Орта жүз қолы күтіп тұрған болатын. Қазақ сарбаздары Мойынтының бас жағында қалмақ қолының жолын жауып, жан-жақ-тан құрсауға алады.

Орта жүз қолының басында ойраттың жоңғар бөлігімен өйгілі Қалдан Сереннің кезінде талай шайқасты басынан өткізген, тәжірибелі билеуші Абылай хан тұр еді.

1745 жылы Қалдан Серен өліп, жоңғар шапқыншылығы тоқтағанына 28 жыл өткен. Ақтабан шұбырынды, Аңырақай-ды бастарынан өткізген даңқты қазақ ба-тыр қолбасшылары Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Малайсары, Жидебай, Балта, Сейдібайлар өмірден өтіп, тірісі қарттықпен аттан түсіп, жаңа буын Баян, Бұхарбай, Байғозы, Жарылғап, Итқара батырлар тарих сахнасына шыққан заман еді.

Қазақтың ата жауы жоңғар құрыса да, жаугершілік аласапыран заман әлі де тоқтамаған аумалы-төкпелі кезең. Оңтүс-тіктен Орта Азия хандықтары, Алатау қырғыздары, солтүстіктен башқұрт пен жайық казактары мазалап, батыстан еділ қалмақтары, шығыста жоңғарды түгімен жұтып қойған қытай айдаһары тұрды. Жан-жақтан жалақтаған жау қазаққа бе-лілн босатып, жауынгерлік дестүрін ұмыт-туға уақыт қалдырмады. Орта жүздің ел билеген бй, батырларының алдында ер-лігі, көрегендігімен орасан беделге ие болған Абылай ханға отыз жылдай же-ңіліс көрмеген, рухы жоғары халықтың сенімі зор еді. Бұл майданның басына қол бастаған батырлар мен қатардағы әр сарбаз ата жауы қалмақты тірі жібермеуге белін тастай буып, дайын келген болатын. Абылай жан-жақтан мүмкіндігінше жаңа үлгілі қару алғызып, қарт Бөгенбай сияқты қолбасшылар хан тапсырмасымен сахараның түкпір-түкпірін аралап, тексеріп, жауынгерлік дайындықты жоғарғы дең-гейде ұстап отырған.

Шайқасқа қалмақ қолы үш түмен бо-лып сапасты. Ортада тәжірибелі нойан-дар Бамбар, Шаеренг және Гүнчи бастаған негізгі ауыр қол өң қанатты орыс-түрік соғыстарының майталманы Ақун-Абуши тайша, сол қанат Бамбар тайшаның ұлы Церен-Делик тайша, сап артында іріктел-ген сарбаздардан тұратын зеңбіректерімен күшейтілген түменді Убаши қонтайшы өзі басқарады. Қалмақ қолы 35 мың жауын-герден тұрды.

Қазақ әскері жауды Шыңғыс ханның үрдісімен мыңдықтан түменге топтасып, 50 мың сарбаздан тұратын қолмен қарсы алды.

Жеті ай жорықта аттары арып, өздері де қажыған қалмақ жағы зеңбіректері жоқ, оқ-қаруы аз болса да, сөйгүліктерді тоқ, жинақы, рухы биік қазақ жауынгерлерінен қаймыға бастайды. Ата жауға еліспей бе-ріспегуге бекінген, арпалысуға бел буған қазақтардың айбарын аңдап, бейбіт келі-сімге жүгілді.

Абылай ханның жорық қосынына көл-ген қалмақ елшілері ханға сыйлықтарын тартып, тоқал атап, серт беріп, қазақтарды қалмақ көшін соғысыз өткізуді қиылып сұрайды. Ақырғы сөздерінде қазақ ханы-на бодан болуға да баратындарын ай-тып үнде берсеңді. Онымен бірге қазақ жеріне өткені үшін айыппұл өтеу тудық ұсыныс жасайды. Көшпенділердің ежелгі дестүрінде жайылмымен мал тұғыз басып өткені үшін берілетін төлемқы «шаң басар» аталған. Осы жорықтың «шанды жорық» аталуы да қалмақ елшілерінің осы сөзінен тұса керек.

Елшілер қосындарына кері кеткенде Абылай батырларын жинап, үш күн кеңес құрады. Хан пікірі айдаһардай қытаймен көрші болғанша, үйренкелі, елсірлеген қал-мақты өткізіп, бодан жасап, көрші қыпайық дегенге саяды. Бірақ Баян батыр бастаған батырлар қарсы болады. Шоқанның жаз-баласында Баян батырдың: – «Хан ием, қалмақ шұршітті де алдады, орысты да алдады, сені де алдайды», – деп айтқаны келтірілген.

Қазақтың беті бері қарамайтынын түсінген қалмақтар үшінші түнге ауғанда қазақ шөбін бузып шығады. Бірақ қал-мақтың қандай айласына дайын отырған ат-көлігі тың қазақ қолы қалмақты қуып жетіп, шайқасуға мәжбүр өтеді. Осы қиян-кескі сұрапылда ата жауы қалмақтан көк алуға серттесіп, белін буып келген қазақ сарбаздары жауға бөрідей шауып, тарихта «қалмаққырған» деген аталған, бұрынсоңды болмаған қанды қырын ұйымдастырады. Қырғынға ұшырап тоз-тоз болып қашқан қалмақты сусыз далаға ығыстыра қуады. Қолбасшылардың жауды су көздерінен аластатып, шөлетіп, діңкелету амалын шайқас аймағын жатқа білетін, жергілікті Итқара батыр бастаған Қаракесек руының Керней атасының сар-баздарына жүзеге асырады. Итқара аламан жігіттермен шыр айналып, даладағы онсыз да сирек құдықтарды көміп, жауды көп жигеніе өткізбей шегінген қалмақ қолының қарсыласу мүмкіндігін шектейді.

Ойсайры жөңілген қолдың жұрнағымен, қазаққа тұтқынға түсіп, орасан шетінеген көштің қалдығымен Убаши Балқаштың оң-түстігімен Қастек, Қаскелен, Қашал арқылы Іленің бастауынан Цин мемлекетіне кіреді. Осы қырғындың аяғында Еділден шыққан 170 мың қалмақтың 35 мыңы ғана қытай

иемденген ежелгі жоңғар жеріне жетеді.

Қалмақырған алаңынан Танжу тайша бастап сытылып шыққан 10 мыңдай бо-латын бір бөлігі көлдің солтүстік жаға-сымен Саяқ, Аягөз арқылы қашады. Ар-тынан қуған қазақ қолы Саяқ жанында қуып жетіп, бұл топтың біразын қырғынға ұшыратқан. Қазір бұл жерден де қалмақ-қырған алаңы сияқты қазақ, қалмақ жебелері, қалмақ жауынгерлерінің Ресей империясының әскери қызыметі үшін те-леген жалақылары, 1760-67 жылдары құ-йылып шыққан Екатерина II монеталары табылып отыр.

Жауды жеңіп, қайтар жолда жер иелері Қаракесек руының Керней атасынан та-райтын Итқара батыр бастаған сарбаз-дар түменбасы Уақ Баян батырға арнап ас береді. Ас ол заманда әжептеуір ар-насы бар Мойынтының Балқаш көліне құятын жерінде беріледі. Керней қосына Баян батыр інісі Сарымен және бір топ сарбазымен келеді. Шілденің аптап күні. Ас соңыңына қарай батырлар өзен суы-нан шалап әзірлеп ішеді. Мойынтының бастауында ат-жөнімен қырылған мейіт-терден ұланып аққан өзен суы қантегістен аман шыққан сарбаздарды қауіпті дертке ұрындырады. Бірден бойға тарайтын сұ-ралып дерттен Баян, Итқара батырлар бүкіл сарбаздармен бірге жаппай қыры-лады. Қантөгісте қатыгез жауды жеңіп елге жеңіспен қайтпақ болған батырлар тағдырдың өмірімен ажалын Қалмаққырған алаңынан бір күндік жерде табады.

Көнекөз қарттар қайтыс болған сар-баздардың сүйегін елге жеткізү үшін бас көтеретін тірлері өлгендерін атқа өңгеріп байлай берген дейді. Баян, Итқара, Сары батырлар мен төрт Уақ, елуден аса Керней батырларының денесін арқан қаралы көш үш күнде Кернейдің қыстаулары Жәмші өзенінің бойындағы Ақшия, Басшиге жетеді.

Итқара бастаған Керней сарбаздарын өзен бойындағы ең биік шоқының басына қояды. Итқара батырдың басына үйдей қылып, әр сарбаздың басына одан сел азырақ тас үйілген. Бұл шоқы 19-ғасырдың сақталған ресми топографиялық карта-ларында Итқара бейіті деп белгіленген. Жәмшінің оң жағасында бір шақырым жерде Баянды інісімен және төрт Уақ жауынгерлермен бірге жерлеген. Осылайша қазіргі Шет ауданының Ақжал көткінен 15 шақырымдай жерде орналасқан ең шоқы елім деп өңірген батырлардың мәңгілік мекені болып қалды. Қазақ даласында бауырлас батырлардың ақырғы мекені болған бір жерде елу батыр бірдей жерлеген тарихы айқын белгілі, мұндай ауқымды қорым жоқ. Тау жотасынан қорымға көз салсаңыз, ел үшін ханын шүберекке байлаған батырлардың ерлігін елестету де қиына түспейді.

Баурластар мейітне жерленген батыр-лардың біразының есімі ел есінде қалған. Біріншіден, қолбасшы Итқара Балтаулы, 1712 жылы туған. Бұл Арғынның Қаракесек руының Сыр бойын мекендеген уақыты. Ақтамберді жыраудың жырларында Итқа-раның атасы Көкбөрі аталған Керней батыр киелі Түркістан аймағында, Шаяң, Бөген өзендерінің бойында туған деп келтірілген. Итқара Сөмке ханның бас қолбасшысы болған Балта батырдың ұлы, әкесі Балта-ның да, Итқараның да шешелері жауын-гершіліктен келген жоңғардың шор тайпа-сының қыздары.

Итқара жастайынан әкесі Балтаның жасағында жоңғар шапқыншылығының соңғы айқастарына қатысып үлгереді. Балта батыр 1738 жылы башқұрттың Қа-расақал бастаған ұлт-азаттық көтерілісін қолдап, ағайын-бауырлары Түйте, Қараш, Күшік, Жар, тұңғышы Қотыр ба-тырмен тоғыз баласын ертіп, 2 жүздей қолмен башқұртқа жорыққа аттанғанда, елде қалған ағайынға бас қылып Итқара батырды қалдырады. Жорықтан Балта елге қайтпайды, сарбаздарының дені қа-тыгез қантөгіспен жанышылған башқұрт көтерілісінде орыстың көк мылтығынан мәрт болады. Балта сұрапылдан тірі шық-қан балалары мен жауынгерлерімен Кіші жүздің Әлім тайпасының ішінде қалып, ұрпақтары бүгінгі күнде бір ру ел болып отыр. Балта батыр қайтыс болғанда Ит-қара Сары-Арқадан Ойылға барып, өке-сінің сүйегін туған жерлері Түркістанға, Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне апарып жерлеген.

18-ші ғасырдың 40-шы жылдары Ар-ғын тайпасы Қаздауысты Қазыбектің бас-тауымен Арқаға ауғанда кернейліктер жазғы жайлауы Нұра бойынан бастап, қыс-тауы Жәмші өзенінің бойындағы Басши, Орташи, Аяқшиге шейін созылған кең да-ланы иемденген. Итқара батыр әкесі Балта үрдісімен жауынгершілік тоқтаған кезде де аталастарынан құралған жүздік жасақ ұстап, қалмақ көшпен келген тайпаластарға орын бермей, осы кең, шұрайлы жерлерді ұстап қалған.

Ел жадында Итқара батырмен бірге жерленген ағайындас батырлардың біра-зының есімі сақталған, кейбіреулеріне арналған жыр шумақтары да ел ауы-зында қалған. Айтылған баурластар зи-ратында мәңгілік орын тапқан батыр аталарымыздың ішінде бүгінгі күнге анық-талғандарын атап өтейік:

Итқара батыр келді Жарқынбайға, Дәді де не істеп жүрсің, қандай айла? Ер маған, бөтен емес, тоысқансың, Көрмейсің жаманшылық оны да ойла.

Ел сыйлайды Бегімбеттей тарланбозың, Бастап еді елінің қалың қолың. Артына белгі етіп тастап кетті, Оразың, жан төңгермес асыл ұлын.

Тоқтар Есейұлы, Мәңдібай Тұрния-зулы, Жамбы Балтаулы, Қазығелді Балтаулы, Қазыбай Балтаулы, Қаратай Балтаулы, Қабыл Түйтеулы, Жанғұтты Байдаулетұлы, Кетаман Кенділқұлы, Таз Құттымбетұлы, Сағындық Сүиндіқұлы, Жомарт Сүиндіқұлы, Марқа Қуандықұлы.

Бүгінгі таңда батырлар шоқысының басына қойылған батырлардың белгілері осылар. Келешекте барлық сарбаздың есімі анықталар деп сенеміз. Келесі жылы еліміздің тарихында үлкен із қалдырған «шанды жорықтың» өткеніне 255 жыл толады екен.

Имантүсіп АЙМАҒАНБЕТОВ

Мемлекеттік тіл – кез келген мемлекеттің басты байлығы, оған ешкімнің дауы жоқ. Өйткені мемлекеттік тіл кез келген елдің тәуелсіздігін айқындайды. Ал оның қолданыс аясын кеңейту – сол елдің азаматтарына ортақ міндет.

Мемлекеттік тіл — елдің басты байлығы

Қазақстанда мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі осы ана тілді жан-жақты дамытуға негізделген. Сондай-ақ біздің қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту мемлекеттік саясаттың басты басымдығы болып қала береді. Қазір мемлекеттік қолдау мүмкіндігі жоғары салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы айтарлықтай кеңейген.

Расында кез келген адам тілге деген құрметті өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрмет деп білуі керек және әрбір азаматта өз тіліне деген осындай жауапкершілік болуы тиіс. Себебі ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, атадан ба-лаға, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып отырған баға жетпес асыл мұра. Ана тілдің қасиеті туралы қанша айтсақ та тауыса алмаймыз. Қолдағы барлық асыл заттар тозады, жоғалады, ал тіл – тозбайтын ең қымбат мұралардың бірі. Бірақ елдің әрбір азаматы оның қадірін білгенде ғана бағасына жетеміз.

Ана тілі – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігін айқындаушы басты құрал. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана мәнсінебейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады. Мемлекеттік тілдің лайықты бағасын беру сол елдің азаматтарының өзіне байланысты. Расында елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау – баршамызға ортақ міндет. Сондықтан мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бірінші кезекте өзімізге байланысты екенін түсінуіміз керек.

Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңіс-тігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткен дұрыс. Өйткені қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Бізге мемлекеттік тіліміздің халықаралық мәртебесін көтеруге әлі де жұмыс жасау ке-рек. Бұл – еркеніетке жетудің басты кепілі. Сондықтан тіл мәселесі күн тәртібінен түспейді.

Жоғарыда айтқанымыздай, мемлекеттік тіл – кез келген елдің басты байлығы. Сондықтан оған құрмет ерқайсысымызда болуы тиіс. Бұл өзіміздің мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге қосқан үлесімізбен бағаланады.

Салтанат КӘЛМЕНОВА,
аудандық полиция бөлімінің
жеке құраммен жұмыс
жөніндегі топ инспекторы,
полиция майоры

Сақтансақ, сақтайды

Орман өрті — табиғатқа төнген қауіп



Орман – адамзаттың да, бүкіл тіршіліктің де ортақ байлығы. Ол ауаны тазартып, жердің құнарлылығын сақтайды, жануарлар мен құстардың мекені болып табылады. Алайда соңғы жылдары табиғи және техногендік себептерден туындайтын орман өрттері жиілеп, экологиялық қауіптің басты түріне айналып отыр.

Орман өрті қандай себептерден шығады?

Орман өртінің негізгі себептері екі топқа бөлінеді. Табиғи себептеріне келсек, күннің күркіреп, найзағай түсуі, ұзаққа созылған қуаншылық, аптап ыстық.

Сондай-ақ адам факторынан болатын себептері де бар, яғни сөндірілмей қалған төмекі қалдығы, от жағу кезінде қауіпсіздікті сақтамау, шыны сынықтарының күн сәулесін үлкейтіп өршітуші әсері, ауыл шаруашылығы жұмыстарында өрт қауіпсіздігін ескермеу.

Орман өртінің зардаптары

Орман өрті экожүйеге орасан зор зиян келтіреді. Жануарлар мен құстардың мекені жойылады. Атмосфераға улы түтін мен газ бөлініп, адам денсаулығына қауіп төндіреді. Жердің құнарлылығы төмендеп, құмды жерлердің пайда болуына өкеледі. Сондай-ақ экономикалық шығындарға себеп болады.

Өрттің алдын алу шаралары

Орманды алқаптарда от жақпау, тұрмыстық қалдықтарды қалдырмау керек. Өрт қауіпті маусымда орманда серуендегенде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажет.

Арнайы рейдтік шаралар жүргізіп, тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру да маңызды. Орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын күшейтуде ерекше маңызға ие. Жасыл аймақтарды қорғау ісіне еріктілер мен жастарды тарту керек.

Аудандық төтенше
жағдайлар бөлімі

Тағзым

«Кенжеғара» атты кітап оқырманға жол тартты

ҚОНЫСБЕК ҚАЗАНТАЕВ АТЫНДАҒЫ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ КЕНЖЕҒАРА СҮЛЕЙМЕНОВТІ ЕСКЕ АЛУ ЖӘНЕ ӨМІР ЖОЛЫН АРҚАУ ЕТКЕН «КЕНЖЕҒАРА» АТТЫ ЕСТЕЛІК КІТАПТЫҢ ТҰСАУКЕСЕР РӘСІМІ ӨТТІ.

Қасиетті Сырдың топырағы жақсылыққа жол бастаған, қоғам игілігі үшін есегі еңбек етудің үлгісін танытқан өлге сыйлы азаматтарға кенде болған емес. Солардың бірі Жалағаш ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына, мәдени-рухани өсіп-өркендеуіне елеулі үлес қосқан Кенжеғара Сүлейменов ағамыз еді.

Ол жарты ғасырдан астам уақыт бойы шашасына шаң жұқтырмай ауданның қоғамдық-саяси тыныс-тіршілігіне белсенді араласып, ел басқару мектебінен сүрінбей өтті. Кіелі Жалағаш топырағында дүниеге келіп, саналы ғұмырын туған жеріне арнаған, ел үшін табандылықпен қызмет етіп, маңдай терін төккен, еңбегімен ел құрметіне бөленген білікті басшы, парасаты мол абзал азамат, мемлекет және қоғам қайраткері, Қызылорда облысының құрметті ардагері, Жалағаш ауданының құрметті азаматы болды. Кенжеғара Сүлейменовті еске алуға арналған кеште «Кенжеғара» кітабының тұсауы кесіліп, қалың оқырманға жол тартты.

Аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен фойеге «Кен пейіл кемел ойдың иесі» атты фотокөрме қойылып, қонақтарға ағамыздың өмір жолы таныстырылды. Мұнан кейін шара осыдан бір жыл бұрын келместің кеме-сіне мініп кеткен Кенжеғара Сүлейменовке арналған арнаумен бастау алды.

Өмірдің ұлағатын жия берген, Парасатты жан едің үя көрген. Өкінідіріп, өзекті өртеп, аға. Еттің-ау, фәни жалған қия белден. Бар сапаның алардың ісін алға, Қол саздыңыз қиналып қысылғанға. Тірі жанның тірлігі еске алу, Одан басқа пенденің күші бар ма?.

Кенжеғара Сүлейменов 1950 жылы 11 қарашада Жалағаш ауданының қазіргі Бұқарбай батыр ауылында дүниеге келген. 1967 жылы аудан орталығындағы №123 орта мектепті бітірген. 1972 жылы Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтты, сондай-ақ Алматы қаласындағы ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетін бітірген.

Еңбек жолын 1972 жылы Қазақстан ЛКСМ аудандық комитетінде нұсқаушы болып бастап, бөлім меңгерушісі, комитеттің екінші, бірінші хатшысы қызметіне дейін жоғарылады. 1981-1986 жылдары Ақсу кеңшарында партия комитетінің хатшысы, 1986-1988 жылдары Қазақстан Компартиясы аудандық комитеті ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1988-1991 жылдары Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің хатшысы болып абыройлы еңбек етті.

Ел тәуелсіздік алған тұста, яғни 1991-1998 жылдары Ақсу кеңшарының директоры, өндірістік кооператив төрағасы, 1998-1999 жылдары №116 орта мектептің директоры, 1999-2003 жылдары аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің директор-редакторы,



аудандық сайлау комиссиясының төрағасы, бұрынғы «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының аудандық бөлімінің төрағасы қызметтерін атқарып, өзінің адал еңбегі арқылы ауданның экономикасы мен әлеуетінің артуына зор үлес қосты. 2003-2016 жылдары аудандық мәслихаттың 3, 4, 5, 6-шақырылымының депутаты, мәслихат хатшысы қызметтерін атқарды.

Ол Жалағаш жастарының жетекшісі қызметін атқарған жылдары жастарды ауданның экономикасын көтеруге бір кісідей жұмылдыра білді. Мысалы, Жаңаталап совхозында «Рауан» атты қыздар трактор бригадасы, «Ақбұлақ» атты жастар бригадасы, Калинин атындағы совхозда «Қарлығаш» атты мөханизатор-комсомол жастар бригадасы, Аққұм совхозында «Қызғалдақтар» атты сауыншы қыздар бригадасы, Аққыр совхозында «Шалқар – 81» атты жас шопандар бригадасы, Ақсу совхозында «Арай» атты жас құрылысшылар бригадасы, Таң совхозында «Гүлдер» атты тракторшы қыздар бригадасын ұйымдастырып, табысты еңбек етті.

Соңғы жылдары ауданның қоғамдық жұмыстарына да етене араласып, аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, «Экономикалық даму, қаржы және бюджет мәселелері» жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы, аудандық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі, Жалағаш ауданының қоғамдық кеңесінің төрағасы, аудандық билер кеңесінің төрағасы, облыстық ардагерлер кеңесінің пленум мүшесі қызметтерін абыроймен атқарып, Жалағаш ауданының тарихында өнегелі із қалдырды.

Халықтың кемел келешегі үшін қалтқысыз қызмет жасаған құрметті ардагер еңбек жолында «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалымен, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне – 10 жыл», «Астанаға – 10 жыл», «Қызылорда облысына – 70 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Қазақстан мәслихаттарына – 20 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына – 20

жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл», «Қызылорда қаласына – 200 жыл» мерекелік медальдарымен және ВЛКСМ Орталық комитеті мен Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің жоғары наградаларымен марапатталған.

Кенжеғара Сүлейменов – еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде өзіндік қолтаңбасы бар, әділ сөзімен, байыпты мінезімен, кең пейілімен ел-жұртқа кеңінен танылған абыз ақсақал еді. Ол аудандық мәслихаттың хатшысы, аудандық билер кеңесінің төрағасы ретінде де ел ішіндегі татулық пен тұрақтылықты сақтауға, жас ұрпақтың көрбиесіне зор үлес қосты. Оның бар болмысы – туған еліне деген сүйіспеншіліктің, азаматтық жауапкершіліктің жарқын көрінісі.

Рухани-танымдық шарада аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, сондай-ақ облыстан арнайы келген ел ағалары Биғали Каюпов, Өмірбек Шәменов, Нәжмедін Мұсабаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев сөз сөйлеп, жүреқжарды лебіздерін білдіріп, ардақты азамат жайлы естеліктерімен бөлісті.

Кенжеғара ағамыз журналист Гауһар Қожахметоваға берген сұхбатында «Менің өмір жолым айналамдағы қазыналы жандармен толысып, көріктеніп отырды. Ғұмыр-дария толқыны жағаға ұрып, жаңарып отырады. Талай тектілермен үзенгі қағыстырып, қызметтес болғанымның да шарапаны көрдім. Риза болатыным, өмір жолымда ұстаз болған Садық Әлиевтен көп тәлім алдым» деген екен.

– Соңымнан өрген інім туралы естелік айту оңай болып тұрған жоқ. Аса қатты құрметтеп, туған інімдей көрген азаматтың бүгін арамдыда болмауы бізге үлкен қайғы әкелді. Институттың қабырғасынан шыққан жас маманның дүниеден өткенге дейінгі барлық өмір жолы менің көз алдымда өтті. Мен аудандағы «Жастар ұйымын» басқарған жылы ол институтты бітірген бойда комсомол комитетіне нұсқаушы болып орналасты. Содан бері қаншама қызметті абыроймен атқарғанына куә болдым. Зейнетке шыққаннан кейін «қасымда бол, кел, маған көмектес» деп шақырдым, ол

аудандық ардагерлер кеңесінің орынбасары қызметін атқарып, елге адал еңбек етті. Қасымда жүрген кезде үнемі «Сіз – менің өмірдегі ұстазымсыз, алғаш қызметке қабылдадыңыз, сіздің ізіңізбен келе жатырмын» деп аузынан тастамай айтып жүретін. Өмірден өткенімен, көңілде қалатын, ұмытылмайтын азаматтардың бірі – Кенжеғара Сүлейменов. Ол саналы ғұмырында елдің өркендеуіне айрықша үлес қосты, – деді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев.

Жиында сөз алған зиялы қауым өкілдері Кенжеғара Сүлейменовтің ел мүддесін бөрінен биік қойған, биік адамгершілігімен, терең парасатымен, қайраткерлік болмысымен дараланған азамат екенін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ тағылымды шарада елге танымал тұлғалар, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Шыңғыс Айбосынов, Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, ҚР Денсаулық Министрі Ақмарал Әлназарова, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жалағаш ауданының құрметті азаматы Айкүміс Орынбаева лэд экран арқылы ағамыз жайлы жылы лебіздерін айтты.

Жаңа кітап – бір адамның ғана емес, тұтас бір дәуірдің шежіресі. Бұл естелік жинақта Кенжеғара Сүлейменовтің парасатты тұлғасы, өнегелі еңбек жолы мен адами асқақтығы замандастарының, шәкірттерінің, әріптестерінің және ел ағаларының жүрек терінен шыққан естеліктері арқылы бейнеленді.

Кенжеғара Сүлейменовтың өмір белестері суреттелген естеліктерге толы Жалғасбек Аманов ағамыздың «Кенжеғара» атты кітабының тұсауын аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Биғали Каюпов пен Нәжмадин Мұсабаев және Өмірбек Шәменов кесті. «Жақсының аты өлмейді» демекші, өнегелі өмірімен үлгі болған ер ел есінде мәңгі сақталмақ. Шара соңында қонақтар дастарқаннан дәм татып, қарымды қаламгер рухына құран бағыштады.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы екінші дүниежүзілік соғыстың құрамдас бөлігі ретінде тарихқа мәңгі өнді. Қазақстандағы әр отбасынан жүздеген мың адам қолына қару алып, ұрыс даласында жаумен бетпе-бет келді. 1940 жылдың орта кезеңінде-ақ Гитлер КСРО-ға басып кірудің «Барборосса жоспары» деп аталатын стратегиялық жоспарын жасауға кіріскен болатын. Бұл жоспар бойынша фашистік Германия мен оның қолшоқпарларының құрлықтағы, әуедегі және соғыс теңіз күштері КСРО-ға бір мезгілде шабуыл жасайтын болды. Бұл жоспардың басты мақсаты қысқа мерзім ішінде «қауырт соғыс» идеясы бойынша соғысты 1941 жылдың күзінде аяқтауы тиіс еді. Фашистік Германияның негізгі мақсатының саяси және экономикалық астары болды. Германия империясы шикізат үшін, азық-түлік базасы ретінде қуыршақ мемлекет құруды көздеді.

Ер еңбегі еленді



Сол тұста Қазақстан халқы Отан қорғаушылар қатарына өз еркімен жалпай жазыла бастады. Ел ішінде 2 миллионнан астам адам әскери даярлықтан өтті. Солардың қатарында жалағаштық Сәрсенбай Ахметов те болды. Ұрыс даласында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен Сәрсенбай атамыз кейін Отанына оралып, соғыстан кейінгі жылдары елдегі тұралаған шаруаны ширатты.

Сәрсенбай Ахметов 1924 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданындағы сол тұстағы Алғабас колхозында өмірге келген. 1942 жылы әскер қатарына Қармақшы әскери комиссариаты арқылы алынған. Жапон соғысына қатысып, Чита, Хайлар калаларындағы майдандарда ерлік көрсеткен. Сұрапыл соғыста жауынгер қайтпас қайсарлықтың, ерен ерліктің нағыз үлгісін көрсетті.

Еуропадағы әскери амалдар аяқталғанымен екінші дүниежүзілік соғыс өлі де жүріп жатқандай. Ялтада қабылданған принципті келісім-шартқа сәйкес Кеңес үкіметі 1945 жылы 8 тамызда Жапонияға соғыс ашады. Кеңес әскері шабуылдық әрекеттерін 5 мың шақырымға созылған майданда бастады. Ұрыс әрекеттері орын алған географиялық және климаттық жағдайлар өте қиын болды. Бірақ осындай қиындықтарға қарамастан жауынгер Сәрсенбай Ахметовке командадағы жауынгер достарымен бірге үлкен және кіші Хинган жоталары мен Шығыс-Маньчжур тауларын, терең және толқыны қатты өзендерді, суыз шөлдерді, өтуге қиын ормандарды бағындыруға тура келді. Бірақ осы қиындықтарға қарамастан Сәрсенбай Ахметов бастаған жауынгерлер жапон жасақтарынан жойды.

Қиян-кескі ұрыс барысында 23 күн ішінде Кеңес әскері Солтүстік-Шығыс Қытай, Солтүстік Корея, Сахалин аралының онтүстік бөлігін және Курил аралдарын жаудан азат етті. Қарсыластың 600 мың жауынгері мен офицері тұтқынға алынып, көптеген қару мен әскери техника тартып алынды. КСРО мен оның соғыстағы одақтастарының қарулы күштерінің соққысына шыдас бермеген Жапония қарсылықсыз тізе бүгеді. Сахалиннің онтүстік бөлігі мен Курил тізбегінің аралдары Кеңес Одағының иелігіне өтеді.

Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтаған Сәрсенбай атамыз туған жерге 1947 жылы сәуір айында оралды. Ұрыс даласында ерен ерліктің үлгісін көрсеткен ол елге келген бойда аудандық қаржы бөлімінде инспектор, колхозда есепші, колхозаралық құрылыс ұйымында жұмысшы, жол жөндеу мекемесінде шебер болып абыройлы еңбек етті. Тұрақты еңбегі мен жемісті қызметінің арқасында 1987 жылы зейнеткерлікке шығады. Қазыналы қария 78 жасқа қараған шақта дүниеден өтті.

Иә, жауынгер атамыздың майданда көрсеткен ерлігі ескеріліп, бірнеше рет маршал төрінен көрінді. Тарқатып айтсақ, екінші дәрежелі «Отан соғысы» ордені мен «Жапонияны жеңгені үшін» медалі ағамыздың көудесінде жарқырады. «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы жеңіске – 20, 30, 40, 50, 55 жыл» мерекелік медальдарымен наградталған. Кеңес одағының маршалы Г.К.Жуков медаліне лайық деп танылған.

Сәрсенбай Ахметов 1984 жылдың 3 қазанындағы Халық депутаттары кеңесінің «Еңбек ардагері» және «КСРО Қарулы Күштеріне – 70 жыл» медальдарымен марапатталды. Неміс-фашистік басқыншылармен күресте көрсеткен баатылдығы, табандылығы мен ерлігі үшін Ұлы Жеңістің 40 жылдығына орай КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1985 жылғы 11 наурыздағы Жарлығымен «II дәрежелі Отан соғысы» орденімен және тағы басқа медальдармен марапатталған.

Иә, бұл соғысты жауынгер аталарымыз жеңіспен қорытындылады. Бірақ қаншама қазақ отбасына сол сұм соғыс салған жара өлі де жазылды деп айту қиын. Қаншама ана баласына, қаншама отбасы панасынан айырылды. Соғыстан кейінгі елдегі тұралаған шаруаны қайта қалыңқа келтіру де қиынға соқты. Бірақ Сәрсенбай атамыз секілді азаматтар кейін сол шаруаны ширатып, қазіргі ұрпақтың бүгіндей бейбіт заманда мамыражай күн кешуіне еңбек етті. Сондықтан ардагердің ерлікке толы өнегелі өмір жолы – ескеңген ұрпаққа үлгі. Сәрсенбай атамыз екі ұл тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ұлдарының үлкені дүниеден өтті. Балаларынан 9 немере, 20 шөбере, 1 шөпшек бар.

Аудандағы ескерткіштер мен көше атаулары – біздің қаза тапқан жауынгерлерге жасаған тағзымымыз. Біз осындай тағылымды жолымызбен олардың өмір жолын ескеңген ұрпаққа үлгі етеміз. Бүгінде Жалағаш ауданының орталығынан Сәрсенбай атамызға көше атауы берілді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет эр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның

түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 87242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немере 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1565

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ